

Сананың құрылымы мен функциялары.

Сабақ жоспары:

- 1. Сана және оның пайда болуының алғышарттары мен себептері.*
- 2. Сана және санадан тыс ұғымдарың арақатынасы.*


1) Сана қалай пайда болды деген сұраққа жауап берсек: ол түйсік мүшелері арқылы объективті ақиқатты бейнелендіріп, оларды қорыту арқылы пайда болады, ал бұл үшін көп нәрседен хабардар болу қажет. Сана — бейнеге сүйене қоғаммен қарым-қатынасқа түсе алатын адам қабілеттілігі, адамның заттармен байланыс іс-әрекеті, табиғи және мәдени қатынасы, қашықтағы, жақындағы адамдар өзара қатынасы мен қызметі, яғни осы образдарды өзінің мінез-құлық бағытында әдіс-тәсілі ретінде пайдалану. Сана түсінігі бұл психика түсінігі; психика тірі жанның қоршаған ортамен тікелей байланыс тәсілі (сондай-ақ жеке адам) деп түсіндіріледі, демек олардың өмірлік үрдістерінде әсерлендірушісі және көрінісі ретіндегі, психикалық қабілеттілік жыйынтық, табиғи және ғарыштық ырғақтар байланыстарында адамның қоғамдық және мәдени іс-әрекеттерінде өз-өзіне бағыт-бағдар жасай алуы мен басқара алатын қабілеттілікпен қамтамасыз етуі.

2) *Жан дүниесіндегі себепті сананың аржағындағы мұнартқан санасыздық дүниеден іздеу керек.*

"Сана" деген ұғымнан "жан" деген ұғым анағұрлым кең. Әлде қайда терең. Өйткені, "жан" деген ұғымды әлемге теңгерсек, әлемнің ішінде жер дүниесі де, көк дүниесі де бар. Сонда "сана" жер дүниесі, "санасыздыққа" көк дүниесі тәрізді болмақ.

Жер мен көк қосылып әлем болғаны сияқты, "сана" мен "санасыздық" қосылып "жан" болады. Бұдан да ұғымдырақ етіп айтуға тырысайық.

Күндегі өмірді бақылап, зерттесек, санамен білінетін заттардан басқа, бір көмекші қуат арқылы санасыз-ақ білінетін заттар барлығы көрінеді. Кейде не себепті, қайдан шыққаны мәлімсіз, бір төтеп ой сап ете түседі.



3. Фрейд



Санасыздықта өткен, қазіргі және болашақ жай бірігіп бір психикалық актіде іске асады (мысалы, түс көруде). Санасыздық балада ертеректе болатын (таным әрекетінде): ойлауында, интуициясында, аффектінде, үрейленгенде, түстерінде, гипноздық жағдайда көрініс береді. Санасыздық құбылыстарды психоанализ бағытымен түсіндіруге әрекеттеніп

3. Фрейд "санасыздықты динамикалық ығыстыру" терминін ғылымға енгізді. Ол санасыздықта әлеуметтік нормалардың талабына байланысты іске аспаған әуесқойлықпен құштарлықтар болады деп түсінген.



В.
Вундт

Психологияда санасыздықты зерттеуге қазіргі кезде көп көңіл бөлінуде. Санасыз әрекет туралы ойлар Г. Лейбниц, В. Вундт, З.

Фрейд. т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Санасыз әуестік — белгілі бір уақытта адамның өзі түсінбейтін, бірақ оның психологиясы мен қылығына әсер ететін адамның ішкі түрткілері, қажеттіліктері, қылық себептері (мотивтері).